

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы»,				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Еркетай»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Курманбаева Ж.К.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	22.05-26.05.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, кітаптарды сөрелерге тәртіппен қою мүмкіндігін іс-тәжірибеде орындауға дағдыландыру.</p>	<p>"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектерге көмектесуге дағдыландыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын,</p>	<p>Бөлме өсімдіктерін күту. Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (қурап қалған жапырақтарды алып тастау), оларды күтіп-баптауға қызығушылықтарын ояту, ересектерге</p>	<p>"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен</p>	<p>"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуді үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу.</p>

		ұқыптылықты қалыптастыру.	қолғабыс етуге тәрбиелеу.	сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету.	
	<p>«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.</p> <p>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысындар: «Мен көңілсізбін, маған</p>	<p>"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Лото" үстел үсті ойыны (ауа райы). Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Таныс пішіндер доминосы". Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте</p>	<p>"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>

	<p>көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.</p> <p>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>			<p>бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p>(математика негіздері)</p>	
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен).</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолды оң жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, кішкентай темір шар ұстаған қолдар екі жақта.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, кішкентай темір шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p>				

	<p><i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (сөйлеуді дамыту және әлеуметтік-эмоционалды</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Біз құлпырамыз жаздың гүліндей, Күлімдейміз жарық күніндей. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>

	дағдылар)	аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. (сөйлеуді дамыту және әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	жақсылақ. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет	Дене шынықтыру "Зырылдайды трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; шеңбердің ішіне және сыртына секіруге жаттықтыру.	Дене шынықтыру "Шаршағанымызды басайық". Мақсат-міндеттер. Балаларда баяу (50- 60сек.) қарқында жүгіру; қимылды ойындар арқылы допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту.	Музыка "Алақай, жаз келді!" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде	Дене шынықтыру "Егіншілік". Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту.	Қазақ тілі "Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі." Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы.

			сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.		Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.</p>	<p>Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету. <i>"Жауын"</i> - Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ</p>	<p>Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса - Болады құм</p>	<p>Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар? <i>"Күлімдеген дөңгелектер"</i>. - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер.</p>	<p>Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. - Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді. "Құмырсқалар". Құмырсқалар, Құмырсқалар, Жұмыспенен күн қысқарар. Тыным жоқ-ау Өздерінде, Қызып алған Кездерінде Тасисындар көрінгенді,</p>

<p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін.</p> <p>- Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасындар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды.</p> <p>"Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>бауырсақтай.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.</p> <p>"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін,</p>	<p>Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес</p>	<p>Білмейсіңдер Ерінгенді. Қ. Мырзалиев</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.</p> <p>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі</p>
---	---	--	--	--

	<p>балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.</p>	<p>зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту. - Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік. Құм қапшығын алайық, Алысқа лақтырайық. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.</p>	<p>қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары</p>	<p>аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
--	--	---	--	--	--

			<p>шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе- теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.</p>	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!</p>			

	<p>Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.</p>				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. (дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ұлттық ойын. Тенге ілу Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Құлыншақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды дөңгелек пішінді қағазды тең, екі жарты бөлікке бүктемелеу амалына бейімдеу; құлыншақ бейнесін қарындашпен жалын, көздерін, аузын салу арқылы толықтыруға дағдыландыру.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Бұлттар" Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетін боршалар мен гуашь бояуы арқылы салынған сопақ және дөңгелек пішінді бұлттар бейнелерімен толтыруға үйрету.</p>	<p>Музыкадан ойын-жаттығу "Бидай". Мақсат-міндеттер. Балаларды көңілді әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы</p>	<p>Ұлттық ойын. Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада</p>

	<p>құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>			<p>дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.</p>	<p>тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлдік ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылауыш ұғымдарды бекіту, өзгелерге қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Жаз келді" өлеңін жаттау.</p> <p>Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Ж.Молдағалиев</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Түстер" атты мультфильмін көру.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, музыка)</p>	<p>Жұмбақтардың шешімін табу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Бала тілін дамыту.</p> <p>"Жаз" (Ілияс Жансүгіров)</p> <p>Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлеңдей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнің мынау, Елжіреген енеңдей.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p>				
Серуен	<p>Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сикырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемейді әдетке айналдыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояу, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p>

	<p>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналарды спорттық шараларға қатысуға белсендіру.</p>	<p>"Менің әкем ең жақсы адам" фотогазеті.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Баланы ара шағып алса?".</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетінің бір апталық жасалған жұмыс туралы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.</p>